

**«Инвестициялық портфельді басқарушыны таңдау (өзгерту) туралы немесе инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы жинақтарын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне сенімгерлік басқаруға қайтару туралы өтініш беру»  
ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚЫЗМЕТІН ПАЙДАЛАНУШЫҒА ЖАДЫНАМА**

«Инвестициялық портфельді басқарушыны таңдау (өзгерту) туралы немесе инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы жинақтарын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне сенімгерлік басқаруға қайтару туралы өтініш беру» электрондық қызметін мынадай шарттар болған кезде пайдалануға болады:



зейнетақы жинақтарын сенімгерлік басқаруға беру құқығының болуы



салымшыда электрондық цифрлық қолтаңбаның (бұдан әрі – ЭЦҚ) өзекті кілтінің болуы



«Жеке тұлғалар» мемлекеттік дерекқорынан (бұдан әрі – ЖТ МДҚ) салымшының жеке басын куәландыратын қолданыстағы құжатының бар-жоғын растау

**Міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) салымшысының, өзі үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) аударылған жеке тұлғаның инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруына беруге жататын зейнетақы жинақтары:**

- МЗЖ салымшысының, өзі үшін МКЗЖ аударылған жеке тұлғаның ИПБ таңдау (өзгерту) туралы өтініші келіп түскен күнге осы тұлғаның жеке зейнетақы шотындағы (ЖЗШ) зейнетақы жинақтары сомасының елу пайызынан аспайды;
- сақтандыру ұйымымен жасалған зейнетақы аннуитеті шарты болған жағдайда олардың ЖЗШ-дағы МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен зейнетақы жинақтарының мөлшерінен аспайды.

ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына беруге жататын, ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары ЕЗЖ есепке алу үшін ЖЗШ-да бар зейнетақы жинақтарынан аспайды.

**Зейнетақы активтерін ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына бастапқы бергеннен кейін салымшы БЖЗҚ-ға:**

- өзінің зейнетақы жинақтарын бір ИПБ-дан басқа ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына беру туралы (бастапқы аудару күнінен бастап бір жылдан кейін);
- ИПБ-ның сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы жинақтарын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (ҚРҰБ) сенімгерлік басқаруға қайтару туралы (зейнетақы жинақтарын ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына берген күннен бастап бір жылдан кейін) өтініш беруге **құқылы**.



Техникалық жұмыстарды жүргізуге байланысты БЖЗҚ интернет-ресурсының және (немесе) ЖТ МДҚ сервисінің жұмысындағы үзілістерді қоспағанда, қызмет салымшыға тәулік бойы қолжетімді

«Жеке кабинет» бөлімінің бастапқы беті өтініш берушіге келесі тәсілдермен авторлану мүмкіндігін береді:




ЭЦҚ кілтінің көмегімен



логин (ЖСН) және парольдің көмегімен



eGov mobile көмегімен



«Жеке кабинетте» авторлану тәртібімен «БЖЗҚ» АҚ-ның интернет-ресурсында: Онлайн қызметтер/Жадынамалар және электрондық қызметтер стандарттары/ «Жеке кабинет» пайдаланушысының жадынамасы бөлімінде танысуға болады

# ӨТІНІШТІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ НЫСАНЫН ТОЛТЫРУ



БЖЗҚ сайтында авторланғаннан кейін Жеке кабинетте «Қызметтер» бөлімінде «Инвестициялық портфельді басқарушыны таңдау (өзгерту) туралы немесе инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы жинақтарын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне сенімгерлік басқаруға қайтару туралы өтініш беру» қосымша бетіне өту керек



Инвестициялық портфельді басқарушыны таңдау (өзгерту) туралы немесе инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы жинақтарын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруына қайтаруға өтініш беру



Өтініштің электрондық нысанын толтырар алдында «Иә» немесе «Жоқ» батырмаларын басу арқылы зейнетақы жинақтарын ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына аударуды растауды талап ететін хабарлама шығады:

Хабарландыру

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!!!

Құрметті салымшы (алушы)!

Бұл қызмет инвестициялық портфельді басқарушыны (ИПБ) таңдау (өзгерту) туралы өтініш немесе ИПБ-ның сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы жинақтарын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (ҚР ҰБ) сенімгерлік басқаруына қайтару туралы өтініш беруге арналған (бұдан әрі – өтініш).

Егер Сіз өтініш бергенге дейін барлық ИПБ-ның инвестициялық қызметінің нәтижелерімен таныспаған болсаңыз, онда келесі <https://invest.enpf.kz> сілтемесі бойынша таныса аласыз және өзіңіздің зейнетақы жинақтарыңызды инвестициялау мақсатында ең жақсы нұсқаны таңдау үшін әр түрлі ИПБ-ның тиімділігі мен стратегияларын салыстырып, кірістілігі мен портфель құрылымының қалай өзгертетінін біле аласыз.

01.01.2026 ж. бастап барлық ИПБ тәуекел деңгейлері, кірістілік және инвестициялау мерзімдері бойынша ерекшеленетін, инвестициялық портфельді қалыптастырудың үш өлшемшартының біреуі бойынша ғана зейнетақы активтерін сенімгерлік басқаруды жүзеге асырады <https://www.enpf.kz/services/invest/57501/>

Тиісінше әрбір ИПБ келесі өлшемшарттардың біреуін ғана таңдай алады:

1. Кі (12) инвестициялық портфель салымшылардың зейнеткерлікке шығу мерзіміне қарамастан, зейнетақы салымдарынан тұрады және 12 (он екі) айдың қорытындысы бойынша есептелетін кірістіліктің ең төменгі мәніне ие;
2. Кі (36) инвестициялық портфель зейнеткерлікке шығу мерзімі үш жылдан асатын салымшылардың зейнетақы салымдарынан тұрады және 36 (отыз алты) айдың қорытындысы бойынша есептелетін кірістіліктің ең төменгі мәніне ие;
3. Кі (60) инвестициялық портфель зейнеткерлікке шығу мерзімі он үш жылдан асатын салымшылардың зейнетақы салымдарынан тұрады және 60 (алпыс) айдың қорытындысы бойынша есептелетін кірістіліктің ең төменгі мәніне ие.

ИПБ алған, зейнетақы активтерінің номиналдық кірістілігі мен ИПБ зейнетақы активтерін сенімгерлік басқаруды жүзеге асырған толық кезеңнен кейінгі жылдың 1 қаңтарына қалыптасқан зейнетақы активтері кірістілігінің ең аз мәні арасындағы теріс айырма бар болса, ИПБ инвестициялық портфельді қалыптастырудың ИПБ таңдаған өлшемшартына байланысты зейнетақы активтерін сенімгерлік басқарудың толық кезеңі болған кезде ғана айырманы өтейді.

**МАҢЫЗДЫ!** Міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған және ИПБ-ның басқаруына берілген зейнетақы жинақтарының сомасы тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында пайдалануға қолжетімді соманы азайтады.

Егер Сіз зейнетақы жинақтарын тұрғын үй жағдайын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында пайдаланғыңыз келсе, Сізге тиісті уәкілетті оператордың интернет-ресурсында өтініш беру керек.

Сіз өтініш бергіңіз келетінін растайсыз ба?

## «ЖЕКЕ БАСТЫ КУӘЛАНДЫРАТЫН ҚҰЖАТ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР» БЛОГЫ

Төмендегі жолдар түзету мүмкіндігінсіз ЖТ МДҚ-ның ақпараттық жүйелерінен автоматты түрде толтырылады:

- Құжат түрі (жеке басты куәландыратын бірнеше қолданыстағы құжаттар болған жағдайда, қажетті құжатты таңдау мүмкіндігі бар)
- Сериясы (бар болғанда)
- Құжат нөмірі
- Берілген күні
- Қолданыс мерзімі
- Кім берді

1 Жеке басты куәландыратын құжат туралы мәліметтер

Құжат типі	Сериясы	Құжат нөмірі
Берілген күні	Қолданылатын мерзімі	Кім берді

ЖТ МДҚ-да бірнеше қолданыстағы құжаттар туралы мәліметтер болған кезде құжаттың қажетті түрін таңдау мүмкіндігі ұсынылады. Егер құжаттың таңдалған түрі бойынша мәліметтер БЖЗҚ-ның ақпараттық жүйесіндегі (бұдан әрі - БЖЗҚ АЖ) мәліметтерден өзгеше болса, өтінішке қол қою кезінде БЖЗҚ АЖ-ға тиісті өзгерістер енгізілетін болады

## «Байланыс деректері» БЛОГЫ

2 Байланыс деректері

Электрондық мекенжай

Ұялы телефон

7 (701) 000-0000

**!** Байланыс деректерінде салымшыға тиесілі ұялы телефон нөмірін және/немесе электрондық мекенжайын көрсету қажет, себебі БЖЗҚ БЖЗҚ-дан ақпараттық таратылымдарды жүзеге асыру үшін пайдаланатын болады



**«Байланыс деректері» блогын толтырғаннан кейін мынадай негіздер бойынша көзделген аударым шарттары көрсетіледі:**

- инвестициялық портфельді басқарушыны таңдау арқылы
- инвестициялық портфельді басқарушыны өзгерту арқылы
- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қайтару арқылы

## «Аударым шарттары» БЛОГЫ

### «ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПОРТФЕЛЬДІ БАСҚАРУШЫНЫ ТАҢДАУ АРҚЫЛЫ»



... байланысты (зейнетақы жинақтарын ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына аудару мақсатын таңдау);



Шарт (қажетті ЖЗШ таңдау);



Зейнетақы жинақтарын сенімгерлік басқаруға аударуды сұраймын:

- ...-дан (ҚРҰБ ұйғарымы бойынша);
- ...-ға (ИПБ таңдау);
- Аударым сомасы (соманы енгізу);
- Жасалу күні (күнге және Астана қ. уақытына сәйкес келеді).

#### 3 Аудару талаптары

Байланысты

инвестициялық портфельді басқарушыны таңдауға

инвестициялық портфельді басқарушының ауысуына

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне аударуға байланысты

Келісімшарт \*

( МЗЖ ): OV-01-00032020

Сенімгерлікке аударыңыз

Жіберуші \*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Ба...

Алушы \*

Дайындалған күні

12.06.2026

Аударым сомасы \*

## «Аударым шарттары» БЛОГЫ

### «ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПОРТФЕЛЬДІ БАСҚАРУШЫНЫ ӨЗГЕРТУ АРҚЫЛЫ»



... байланысты (зейнетақы жинақтарын ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына аудару мақсатын таңдау);



Шарт (қажетті ЖЗШ таңдау);



Зейнетақы жинақтарын сенімгерлік басқаруға аударуды сұраймын:

- Ішінара аудару/ Қосалқы шотта бар қаражат мөлшерінде (аударым түрін таңдау);
- ...-дан (одан жинақтар аударылуы тиіс ИПБ таңдау);
- ...-ға (оған жинақтар аударылуы тиіс ИПБ таңдау);
- Аударым сомасы (ішінара аударуды таңдау кезінде ғана соманы енгізу);
- Жасалу күні (күнәе және Астана қ. уақытына сәйкес келеді).

#### 3 Аудару талаптары

Байланысты

инвестициялық портфельді басқарушыны таңдауға

инвестициялық портфельді басқарушының ауысуына

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне аударуға байланысты

Келісімшарт \*

( МЗЖ ): OV-16-00663791

Сенімгерлікке аударыңыз

Жартылай аударым  Қосалқы шоттағы қаражат мөлшерінде

Жберуші \*

"Сентрас Секьюритиз" АҚ

Алушы \*

"BCC Invest" АҚ

Аударым сомасы

5 000

Дайындалған күні

12.06.2026

## «Аударым шарттары» БЛОГЫ

### «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІНЕ ҚАЙТАРУ АРҚЫЛЫ»



... байланысты (зейнетақы жинақтарын ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына аудару мақсатын таңдау);



Шарт (қажетті ЖЗШ таңдау);



Зейнетақы жинақтарын сенімгерлік басқаруға аударуды сұраймын:

- Ішінара аудару/ Қосалқы шотта бар қаражат мөлшерінде (аударым түрін таңдау);
- ...-дан (одан жинақтар аударылуы тиіс ИПБ таңдау);
- ...-ға (ҚРҰБ таңдау);
- Аударым сомасы (ішінара аударуды таңдау кезінде ғана соманы енгізу);
- Жасалу күні (күнге және Астана қ. уақытына сәйкес келеді).

### 3 Аудару талаптары

Байланысты

инвестициялық портфельді басқарушыны таңдауға

инвестициялық портфельді басқарушының ауысуына

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне аударуға байланысты

Келісімшарт \*

( МЗЖ ): OV-16-00663791

Сенімгерлікке аударыңыз

Жартылай аударым  Қосалқы шоттағы қаражат мөлшерінде

Жіберуші \*

"Сентрас Секьюритиз" АҚ

Алушы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Ба...

Аударым сомасы

Дайындалған күні

12.06.2026

## Ақпараттық блок

### Мен:

- ✓ мен зейнетақы жинақтарымды сенімгерлік басқаруға беретін ИПБ таңдаған инвестициялық портфельді қалыптастыру өлшемшарттары туралы;
  - ✓ зейнетақы жинақтарын ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына аударған тұлғаларға мемлекеттің зейнетақы жинақтарын ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына аударған күннен бастап Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодекстің 207-бабының 1-тармағында белгіленген жасқа толғанға дейінгі кезеңде жүзеге асырылған, инфляция деңгейін ескере отырып, нақты енгізілген МЗЖ, МКЗЖ мөлшерінде БЖЗҚ-да МЗЖ-ның, МКЗЖ-ның сақталуына кепілдік беретіні туралы;
  - ✓ өз зейнетақы жинақтарымды бір ИПБ-дан басқа ИПБ-ға сенімгерлік басқаруға «БЖЗҚ» АҚ-ға тиісті өтініш беру арқылы зейнетақы жинақтары ИПБ-ға сенімгерлік басқаруға берілген күннен бастап бір жылдан кейін бере алатыным жөнінде;
  - ✓ ИПБ-ның сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы жинақтарымды ҚР ҰБ-ға сенімгерлік басқаруға «БЖЗҚ» АҚ-ға тиісті өтініш беру арқылы зейнетақы жинақтарын ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына берілген күннен бастап бір жылдан кейін қайтаруға болатыны жөнінде хабардармын. Егер зейнетақы жинақтары ИПБ-ны таңдау туралы өтінішке сәйкес сол бір ИПБ-ға бірнеше рет сенімгерлік басқаруға аударылған болса, онда зейнетақы жинақтарын ҚР ҰБ-ға сенімгерлік басқаруға қайтару зейнетақы жинақтарын сенімгерлік басқаруға бастапқы берген күннен бастап бір жылдан кейін жүзеге асырылады;
  - ✓ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда зейнетақы жинақтарым ИПБ-ның сенімгерлік басқаруынан ҚР ҰБ-ның сенімгерлік басқаруына аударылатынынан;
  - ✓ және зейнетақы жинақтарымды ИПБ-ға сенімгерлік басқаруға аударуға, оның ішінде ИПБ-ның инвестициялық портфельді/ инвестициялық декларациямен бекітілген қалыптастыру өлшемшарттарын таңдауына, сенімгерлік басқару нәтижелеріне, ИПБ-ның зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқару үшін комиссиялық сыйақысының ықтимал өзгеруіне байланысты тәуекелдерді қабылдаймын;
  - ✓ ИПБ-ның алған зейнетақы активтерінің номиналды кірістілігі мен ИПБ-ның зейнетақы активтерін басқарудың толық кезеңінен кейінгі жылдың 1 қаңтарында қалыптасқан зейнетақы активтері кірістілігінің ең төменгі мәні арасында теріс айырма болған жағдайда, ИПБ инвестициялық портфельді қалыптастырудың ИПБ-ның таңдаған өлшемшартына байланысты зейнетақы активтері сенімгерлік басқаруда болған толық кезеңде ғана айырманы өтеу жүзеге асырылатынынан;
  - ✓ МЗЖ есебінен қалыптастырылған және ИПБ-ның басқаруына берілген зейнетақы жинақтарының сомасы тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында пайдалануға қолжетімді соманы азайтатынынан;
  - ✓ мен өтініште көрсеткен зейнетақы жинақтарының сомасы жеткіліксіз болған жағдайда, БЖЗҚ қаражатты беру сәтінде менің жеке зейнетақы шотымдағы (ЖЗШ) немесе ЖЗШ құрамына кіретін тиісті қосалқы шоттағы олардың нақты ағымдағы қалдығы шегінде қаражатты ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына беруді немесе ҚРҰБ-ға қайтаруды жүзеге асыратынынан хабардармын.
- «БЖЗҚ» АҚ-ға, БСН 971240002115:
- Қазақстан Республикасы заңнамасында және (немесе) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда көзделген жағдайларда ғана, менің дербес деректерімді жинауға, өңдеуге және үшінші тұлғаларға беруге (оларды трансшекаралық беру және жалпыға бірдей қолжетімді көздерде тарату құқығынсыз);
  - ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы менің телефон нөміріме және (немесе) электрондық мекенжайға ақпараттық жіберілімдерді алуға келісімді беремін.
- Мен осы келісімді Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заңына сәйкес, осы өтінішке байланысты «БЖЗҚ» АҚ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өз міндеттемелерін орындағанға дейінгі мерзімге бердім.
- [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) мекенжайы бойынша «БЖЗҚ» АҚ веб-сайтында орналастырылған, «БЖЗҚ» АҚ жүзеге асыратын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректер тізбесімен таныстым.

ЭЦҚ-мен қол қою

Артқа қайту

Өтініштің барлық жолдарын толтырғаннан кейін барлық деректемелердің дұрыстығын тексеру қажет. Қажет болған жағдайда ЭЦҚ кілтінің көмегімен қол қойылғанға дейін зейнетақы жинақтарын ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына аударуға арналған өтініштің күшін жоюға болады

## ӨТІНІШТІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ НЫСАНЫН ТОЛТЫРУ


### Өтінішке қол қою



Өтінішті толтырғаннан кейін **ЭЦҚ-мен қол қою** батырмасын таңдау қажет

ЭЦҚ-мен қол қою

Артқа қайту



Әрі қарай «Сертификатты таңдау» батырмасын басу қажет, бұл батырма **міндетті түрде** толтырылуы тиіс барлық жолдарды толтыру кезінде белсенді болады



Берілген өтініштің мәртебесін келесі қосымша бетте тексеруге болады:



Менің төлемдер / аударымдар туралы өтініштерім / ЕЗЖ қайтару



**Рақмет!**

